

## Халықтың нысаналы тобындағы жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 ақпандағы № 519 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 25 наурызда № 5-12-102 тіркелді. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы № 1233 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімдігінің 2012.06.12 № 1233 қаулысымен.

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасының, "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 5, 8-бабының, "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысының негізінде және жұмысқа түруға қиналып жүрген халықтың әр түрлі тобын қолдау үшін және мемлекеттік кепілдеме жүйесін кеңейту мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) 1 қосымшаға сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқама;

2) 2 қосымшаға сәйкес, жастарды әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқама;

3) демалыс кезінде жастарды оқыту үшін ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқама;

4) кәсіби оқуға жіберілген жұмыссыз азаматтардың жол ақысы, тамаққа, тұруына және медициналық куәландыру шығынын қайтару жөніндегі нұсқама.

2. Күші жойылсын деп есептелсін:

1) "Нысаналы топтағы халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және оларды қаржыландыру ережелері жөніндегі шаралар туралы" Зырян ауданы –

Зырян қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 1198 қаулысы, 2005 жылдың 15 ақпанында № 2183 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген;

2) "Нысаналы топтағы халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және оларды қаржыландыру ережелері жөніндегі шаралар туралы" Зырян ауданы – Зырян қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 1198 қаулысына қосымшалар енгізу туралы" Зырян ауданы – Зырян қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 маусымдағы № 3411 қаулысы, 2007 жылдың 19 шілдесінде № 5-12-47 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген;

3) "Нысаналы топтағы халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және оларды қаржыландыру ережелері жөніндегі шаралар туралы" Зырян ауданы – Зырян қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 8 ақпандағы № 1198 қаулысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылдың 29 сәуірдегі № 372 қаулысы, 2009 жылдың 3 маусымындағы № 5-12-84 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Зырян ауданы әкімінің орынбасары Э.Я. Гейтерге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі

P. Мусин

Зырян ауданы әкімдігінің  
2010 жылғы 16 ақпандағы № 519  
қаулысымен бекітілген  
1 қосымша

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқама**

### **1. Жалпы ереже**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқама уақытша жұмыс істеу үшін халықтың нысаналы топтағы жұмыссыздарын жұмысқа ұйымдастыру мақсатында өндөлген.

2. Осы Нұсқама "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 18-1-бабына сәйкес өндөлген.

3. Нұсқама халықтың нысаналы топтағы жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен

қаржыландыруын анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын үйымдармен (жеке меншіктігіне қарамастан) негізгі жағдайды және есеп жүйесін реттейді.

4. Әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс берушінің еңбегіне төлейтін өтемақы бөлігінің шығынымен халықтың нысаналы топтағы жұмыссыздарын жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органдармен жұмыс берушілердің келісім шарты негізінде құрылатын жұмыс орындары.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнеткерлік қамтамасыз ету және сақтандыру туралы заңнамалық актілері таралады.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыру және жұмысқа орналастыру**

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру "Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (ары қарай – Бөлім) келісім шарт негізінде жұмыс берушімен жүзеге асырылады.

7. Келісім шарт тараптардың міндеттерін, турлерін, жұмыс көлемін, еңбек төлемінің мөлшері мен шарттарын, әлеуметтік жұмыс орындарының мерзімі мен қаржыландыру көзін қамтиды.

8. Әлеуметтік жұмыс орындары нысаналы топқа уақытша жұмыс орындарын ұсыну немесе құру жолдарымен үйымдастырылады, уақытша сипатқа ие.

9. Әлеуметтік жұмыс орындары базасында құрылатын үйымдардың тізімі үйымдардың сұранымына сәйкес Зырян ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

10. Бөлім әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін нысаналы топтағы жұмыссыздарды іріктеу кезегіне сәйкес мамандықтары бойынша жүргізеді.

11. Шарттасқан келісім шартқа сәйкес жұмыс беруші нысаналы топтағы жұмыссыздарды бөлім жолдамасымен 6 ай мерзіміне жұмысқа орналастырады, үзілетін жолдама талонды толтырып, 3 күн ішінде бөлім мекен жайына жібереді.

12. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орнына қатысатын қатысушыны жұмысқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес бөліммен бекітілген келісім шартпен мерзімге (контракт) еңбек шартына отырады.

## **3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың көзі мен шарттары**

13. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған нысаналы топтағы жұмыссыздардың еңбек төлемі жеке еңбек келісім шартына және атқарылған жұмыс саны мен сапасы және қыындығына байланысты ай сайын жұмыс берушінің өз қалтасынан ағымдағы жылы бекітілген минималды еңбек ақыдан 50 % кем емес мөлшерімен жүзеге асырылады.

14. Әлеуметтік жұмыс орындарының қатысушыларына еңбек төлемі бөлім жағынан бекітілген смета шығынына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен, бөлімге жұмыс берушімен ұсынылған жұмыс уақытының табелі негізінде онда олардың осы айда жұмыс істеген қунінің көрсетілуімен жеке есеп шотына ағымдағы жылы бекітілген минималды еңбек ақыдан 50 % кем емес мөлшерімен жүргізіледі.

15. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін азаматтарға төленетін еңбек ақы КР күші бар заңнамасына сәйкес салық салынады.

16. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін нысаналы топтағы азаматтардың еңбек ақысы нақты атқарылған көлемде төленеді.

17. Нысаналы топтағы азаматтардың еңбек төлеміне арналған бюджеттік қаражаттарды мақсатсыз орындаудағы жауапкершілікті бөлім тартады.

#### **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыруға бақылау**

18. Қазақстан Республикасының күші бар заңнамасына және шартқа сәйкес бөлім әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыруға бақылауды жүзеге асырады.

Зырян ауданы

әкімі аппаратының жетекшісі

Г. Дедова

Зырян ауданы әкімдігінің  
2010 жылғы 16 акпандығы № 519  
қаулысымен бекітілген  
2 қосымша

#### **Жастарды әлеуметтік қолдауын ұйымдастыру жөніндегі нұсқама**

##### **1. Жалпы ереже**

1. Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білімдері бар оқу орындарын бітірген түлектердің санынан тәжірибе, білім, дағды алу үшін жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға ықпал жасаудағы әлеуметтік қоргаудың қосымша шаралары мақсатында өнделген әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқама.

2. Осы нұсқама "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7, 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 5, 8-бабына сәйкес өндөлген.

3. Нұсқама бастауыш, орта және жоғары кәсіби білімдері бар оқу орындарын бітірген, бөлімде тіркелген жұмыссыз жастармен оларға алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға, жұмысқа орналасуға және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі мүмкіндіктерін құру бойынша "Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (ары қарай – Бөлім) жұмысының бір бағытын анықтайды.

4. Жастарды әлеуметтік қолдау жұмыс беруші және бөлімнің келісім шарт негізінде жеке нысанына қарамастан кәсіпорындарда, мекемелерде және үйымдарда (ары қарай – жұмыс беруші) ұйымдастырылып, жүргізіледі.

## **2. Жастарға әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру**

5. Бөлім оқу орындарының жұмыссыз тұлектеріне іріктеу жүргізеді. Иріктеу критерийлері мынадай болуы мүмкін:

жұмыссыз ретінде есепте тұру;

"қатысуышыларды" іріктеу кезеңінде оларға лайықты жұмыстың болғанында болмауы;

мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы;

жасы 24 жасқа дейін, қоса алғанда.

Жұмыссыз жастарды уақытша жұмысқа орналастыру 6 ай мерзіміне дейін.

6. Жұмыссыз тұлектерді уақытша жұмыс орнына қабылдауға келісім берген кәсіпорындармен бөлім келісім шарт жасасады. Келісім жұмысқа қабылдаған азаматтардың санын қарастырады.

7. Келісілген келісім шартқа сәйкес бөлім жұмыссызды кәсіпорынға жібереді. Бөліммен келісілген келісім шарт шенберінде жұмыссызды нақты жұмыс орнына қабылдау шешімін жұмыс беруші қабылдайды. Ұзілетін жолдама талонды толтырып бөлім мекен жайына жібереді.

8. Жұмыс беруші жұмыссызды уақытша жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бөліммен келісілген келісім шартпен мерзімге (контракт) еңбек шартына отырады.

9. Жұмыс беруші жұмыссызды жұмысқа орналастырған жағдайда уақытша жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесін жұмысқа қабылдаған күннен бастап 3 күннен кешіктірмей бөлімге ұсынады.

10. Кәсіпорыннан жұмыстан босатылу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.

11. Еңбек заннамасын бұзған жағдайда жұмыс беруші бір жақты тәртіптегі келісім шартты бұзуға құқылы.

12. Келісім шарт мерзімінің аяқталуы бойынша жұмыс беруші еңбек келісім шарты бойынша (контракт) азаматты жұмысқа қабылдау туралы немесе оның кәсіпорыннан босатылуы туралы бұйрықтың көшірмесін жұмыспен қамту бөліміне жолдайды.

### **3. Жастарға әлеуметтік қолдауды қаржыландыру**

13. Қаржыландыру бекітілген шығын сметасына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

14. Еңбекақы төлемі:

14.1. бастауыш, орта кәсіби білімдері бар оқу орындарын бітірген түлектерге жұмыс істеген толық айларына 1,2 минималды еңбек ақы;

14.2. жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге жұмыс істеген толық айларына 1,5 минималды еңбекақы көлемінде жүргізіледі.

15. Қатысушылардың еңбек төлемі бөлімге жұмыс берушімен ұсынылған жұмыс уақытының табелі негізінде онда олардың осы айда жұмыс істеген күнінің көрсетілуімен жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

16. Еңбекақы күші бар салық заннамасына сәйкес салық салынады.

### **4. Ұйымдастыру және қаржыландыруға бақылау**

17. Қазақстан Республикасының күші бар заннамасына және келісім шартқа сәйкес бөлім жастарды әлеуметтік қолдауын ұйымдастыру және қаржыландыруға бақылауды жүзеге асырады.

*Зырян ауданы*

*әкімі аппаратының жетекшісі*

*Г. Дедова*

Зырян ауданы әкімдігінің

2010 жылғы 16 ақпандагы № 519

қаулысымен бекітілген

3 қосымша

**Оқитын жастарға жазғы демалыстары болған кездерінде, оларға ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқама**

#### **1. Жалпы ереже**

1. Осы нұсқама 16 жасқа дейін және одан да үлкен жастағы жалпы білім беру және кәсіби мектептің оқушыларына, оқу орындарының студенттеріне ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысуын реттейді, оларды уақытша жұмыспен және жазғы демалыс кезінде уақытша еңбек ақымен (еңбек табысы) қамтиды.

2. Нұсқама "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес өнделген.

3. Қоғамдық жұмыстар – алдын-ала кәсіби дайындықты талап етпейтін, оларды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту мәселесі бойынша үәкілдемі органдардың бағытымен азаматтардың орындаітын әлеуметтік-пайдалы бағыты бар еңбек іс-әрекетінің түрі.

4. Оқитын жастарға арналған ақылы қоғамдық жұмыстар жеке меншік нысанына тәуелсіз ауданының ұйымдарында ұйымдастырылады.

5. Ұйымдардың тізімі, көлемі, қаржыландыру көзі аудан әкімдігінің Қаулысымен анықталады.

6. "Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (ары қарай – Бөлім) есепті, тіркеуді, оқитын жастар санынан тұлғаларды ақылы қоғамдық жұмысқа жолдауын жүзеге асырады.

## **2. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру**

7. Сұраныс және ұсыныс негізінде оқитын жастарға оқудан бос уақытында ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылады.

8. Ақылы қоғамдық жұмысты өткізген ұйымдар арасында және бөліммен оларды өткізуге келісім шарт жасалады.

## **3. Ақылы қоғамдық жұмыстарға оқитын жастарды жолдау және оларды тіркеу**

9. Ақылы қоғамдық жұмысқа қатысуға ниет білдірген оқудан бос уақыттары бар оқитын жастардың тіркеуін бөлім келесі құжаттар негізінде жүргізеді:

- 1) жеке бас куәлігі;
- 2) салық төлеушінің тіркеу туралы куәлігі (СТН);
- 3) әлеуметтік коды бар туралы куәлігі (ӘЖК);
- 4) оқу орнынан анықтама.

10. Оқитын жастар санынан бөлім олардың кезекті және тіркеу күніне сәйкес ақылы қоғамдық жұмысқа жібереді.

11. Бөлім жұмыссызды кәсіпорынға жолдамамен жібереді. Бөліммен

келісілген келісім шарт шеңберінде жұмыссызды нақты жұмыс орнына қабылдау шешімін жұмыс беруші қабылдайды. Үзілетін жолдама талонды толтырып бөлім мекен жайына жібереді.

12. Жұмыс беруші жұмыссызды уақытша жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бөліммен келісілген келісім шартпен мерзімге (контракт) еңбек шартына отырады.

#### **4. Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын оқитын жастардың еңбекақы төлемі**

13. Оқитын жастарға арналған қоғамдық жұмыстың қаржыландыруы бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асады.

14. Ақылы қоғамдық жұмысқа қатысатын оқитын жастарға бөлім белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамасымен нақты атқарған жұмысына минималды еңбекақы мөлшерінен кем болмайтындей төлейді.

15. Ақылы қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбек төлемі бөлімге жұмыс берушімен ұсынылған жұмыс уақытының табелі негізінде онда олардың осы айда жұмыс істеген күнінің көрсетілуімен жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

16. Ақылы қоғамдық жұмысқа қатысқан жұмыссыздарға есептелген еңбекақы күші бар салық заңнамасына сәйкес салық салынады.

Зырян ауданы

әкімі аппаратының жетекшісі

Г. Дедова

Зырян ауданы әкімдігінің  
2010 жылғы 16 ақпандығы № 519  
каулысымен бекітілген  
4 қосымша

**Кесіби оқуға жіберілген жұмыссыз азаматтардың жол ақысы,  
тамаққа, тұруына және медициналық куәландыруы шығынын қайтару  
жөніндегі нұсқама**

Осы нұсқама "Халықты жұмыспен қамту" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және кесіби дайындықты ұйымдастыру және қаржыландыру, жұмыссыздардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен және басқа да заңнама актілерімен бекітілген Ережесіне сәйкес өндөлген.

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы Нұсқамада қолданылатын негізгі түсініктер:

1) өтініш беруші – кәсіби дайындыққа жолданған және шығынын қайтарып алуға өтініш білдірген нысаналы топтағы бос азаматтар немесе жұмыссыздар;

2) шығынын қайтару – өтініш берушіге жартылай немесе толық жол ақысының төлемі, тамағы, тұруы және медициналық куәландыруы.

2. Тұруға, тұрғын жері бойынша оқитын облыс шегінде оқу орнына ары-бері жүрген жол ақысы шығынын қайтару.

3. "Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (ары қарай – Бөлім) тұруға, облыс шегінде оқу орнына ары-бері жүрген жол ақысы, тамағы мен медициналық куәландыру шығынын жүзеге асырады.

4. Алдын-ала тексерісті анықтауды талап ететін, мамандығы бойынша оқуға жолданғанда медициналық куәландыру шығынын өтініш беруші нәтижесіне қарамастан өзі қайтарады.

5. Өтініш берушінің шығындарын қайтару оку бітіргеннен кейін бір айдан кешіктірмей құжаттарды тапсырған сэттен бастап қайтарылады.

6. Бөлімде ресми тіркелген және кәсіби дайындыққа, біліктіліктерін арттыруға, қайта даярлауға жолданған жұмыссыз азаматтар шығындарын қайтаруға құқылы.

## **2. Шығынды қайтарып алуға өтініш**

7. Өтініш беруші бөлімге жазбаша өтініш және қажетті құжаттарды ұсынады.

## **3. Қажетті құжаттардың тізімі**

8. Шығынды қайтарып алуға арналған құжаттамалар:

1) тұрғылықты жері бойынша банкте жеке есеп шоты нөмірін көрсетуімен жазбаша өтініш;

2) теміржол көлігінің, жолаушыларға арналған автокөліктің (таксиден басқа) немесе тасымалдау жасайтын аталған көлік түрлерімен жүзеге асыратын ұйымдардан жолақы туралы анықтама және жолақы құжаттары;

3) медициналық куәландыру өткені туралы ақылы құжат болып табылады.

## **4. Шығынды қайтарып алу көлемі**

9. Шығынды толық қайтарып алу мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) Медициналық куәландыруға – зерттелудің бағасы, құжаттармен расталса;

2) Өнір (облыс, аудан) шегінде оқуға ары-бері жүрген жолақысы – жолақы

бағасы, құжаттармен расталса.

10. Шығынды жартылай қайтарып алу мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) Басқа қаланың өтініш берушілері оқу кезінде Өскемен, Семей қаласындағы жатақханада тұрса – айна 3 айлық есеп көрсеткіштен аспайтын төленген құжаттарды ұсынса. Жалға алған бөлмелерде тұрса – айна үш айлық есеп көрсеткіш;

2) Басқа қаланың өтініш берушілері басқа ауылды жерлердің жатақханасында тұрса - айна екі айлық есеп көрсеткіштен аспайтын төленген құжаттарды ұсынса. Жалға алған бөлмелерде тұрса – айна екі айлық есеп көрсеткіш.

11. Өскемен, Семей қаласында оқитындарға тамақтарына айна үш айлық есеп көрсеткіші көлемінде, ал басқа тұрғылықты жерде оқыса айна екі айлық есеп көрсеткіші көлемінде шығын қайтарылады.

## 5. Шығынды қайтарып алу төлемдері

12. Шығынды қайтарып алу төлемі бекітілген шығын сметасына сәйкес жергілікті бюджет қаржаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Тұруға арналған жартылай шығынды қайтарып алу төлемі оқудың аяқталуы бойынша немесе ай сайын жүзеге асырылады.

14. Тамаққа арналған шығынды қайтарып алу төлемі ай сайын жүзеге асырылады.

15. Медициналық куәландыруға, өнір (облыс, аудан) шегінде оқуға ары-бері жүрген жолақысы шығынын толық қайтарып алу құжаттарды ұсынған сэттен бастап ай ішінде жүргізіледі.

16. Шығынын толық немесе жартылай қайтарып алу төлемі өтініш берушінің есеп шотына ақшалай аудару жолымен жүзеге асырылады.

Зырян ауданы

әкімі аппаратының жетекшісі

Г. Дедова